

Панфилов аудандық мәслихатының 2024 жылғы 12 сәуірдегі "Панфилов ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" № 8-21-96 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Жетісу облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2025 жылғы 21 сәуірдегі № 8-41-180 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2025 жылы 24 сәуірде № 302-19 болып тіркелді

Панфилов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Панфилов аудандық мәслихатының 2024 жылғы 12 сәуірдегі "Панфилов ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" № 8-21-96 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 195876 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Панфилов ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе "электрондық үкімет" веб-порталынан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап 6 (алты) жұмыс күнін құрайды."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Панфилов аудандық мәслихатының төрағасы

Е. Шокпаров